



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2024 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасы

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2024**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Алматы қаласы қоғамдық даму басқармасының тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі - Оператор) интернет-ресурсында 2024 жылы 28 мамырда үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсы жарияланды. Хабарламаны келесі сілтеме бойынша көре аласыз:

1. <https://cisc.kz/75455-75455.html>

2. <https://www.facebook.com/cisc.kz/posts/pfbid032NN8uqLukH38nZ861hei3RKGZuPFBsEYQquED7zvh84oLNqoTpz1HNHGnpeR6YGY1>

3. <https://www.instagram.com/p/C7g0F5toMoB/?igsh=Z3kxNzRtbzhsdnB2>

4. <https://t.me/ciscrq/2688>

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2024 жылғы 28 мамыр мен 18 маусым аралығында жүзеге асырылды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың «Алматы қаласында ТДМ іске асырудың Қоғамдық мониторинг орталығы» басым бағыты бойынша 1 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша Оператор Бөлімнің 1 мемлекеттік грантын іске асыру үшін «Almaty Azamattyq Alliance» ЗТБ-мен 11 076 000 теңге сомасына 2024 жылғы 15 шілдедегі №127 шарт жасасты.

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2024 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Азаматтық қоғамның дамуына, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу» саласы бойынша 1 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 11 076 000 теңгені құрайтын 1 гранттық жоба іске ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Almaty Azamattyq Alliance» ЗТБ	«Алматы қаласында ТДМ іске асырудың Қоғамдық мониторинг орталығы»	«RANKING.KZ» ЖШС	О.Болдыр ев	+77273450 109	Алматы қ., Айманова, 140, 24Б ғимарат

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Жобаны жүзеге асыру аясында барлық қойылған мақсаттарға қол жеткізілді. Бұл іске асырылып жатқан жобалар туралы деректерді біріктіруді, олардың ТДМ міндеттері мен көрсеткіштеріне сәйкестігін анықтауды, сондай-ақ бірыңғай деректер базасын құруды және оны ілгерілетуді қамтамасыз етті. Дайындалған дашбордтар мен аналитикалық құралдар ақпараттың ашықтығын, қолжетімділігін және айқындылығын арттырды. Ұйымдастырылған іс-шаралар тәжірибе алмасуға және озық тәжірибелерді енгізуге ықпал етті, ал дайындалған аналитикалық есеп Алматы қаласында ТДМ-ды іске асырудың негізгі нәтижелері мен үрдістерін айқындады.

Қол жеткізілген нәтижелерді одан әрі нығайту үшін жасалған дашбордтарды әкімдік жүйелі мониторинг пен есептілік жүйесіне біріктіру ұсынылады. Бұл басқару шешімдерін қабылдау тиімділігін арттыруға мүмкіндік

береді. Сонымен қатар, деректерді үнемі жаңартып, олардың ТДМ-ға сәйкестігін қайта талдау жүргізіп отыру қажет. Бұл ақпараттың өзектілігі мен сенімділігін сақтауға, сондай-ақ азаматтық қоғамның тұрақты даму процестеріне қатысуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасы

Л. Диас

Бас бухгалтер

С. Ануарбек